

Сипаттамалары

Физикалық-механикалық сипаттамалары

Көрсеткіш	Өлш.бірл.	Мәні
Жылу өткізгіштігі $\lambda_{\text{ж}}$, артық емес	Вт/(м·К)	0,036
Жылу өткізгіштігі $\lambda_{\text{д}}$, артық емес	Вт/(м·К)	0,037
Жылу өткізгіштігі $\lambda_{\text{м}}$, артық емес	Вт/(м·К)	0,040
Жылу өткізгіштігі $\lambda_{\text{в}}$, артық емес	Вт/(м·К)	0,044
10% деформация кезінде сығымдауға беріктігі, кем емес	кПа	25
Органикалық заттектердің құрамы, артық емес	%	4,5
Ішінара батыру кезінде қысқа мерзімді су сіңіруі, артық емес	кг/м ²	1
Берілген ұзақ уақыт ішінде үлгілерді ішінара батыру кезіндегі су сіңіруі, артық емес	кг/м ²	3
Жанғыштығы	дәреже	НГ
Ұзындығы	мм	1200
Ені	мм	600
Қалыңдығы	мм	30–50
Тығыздығы	кг/м ³	110 (±10)

ТН-ПОЛ Проф жүйесінің соққы шуын оқшаулау индекстері

Конструкция	Каменная вата	Қалыңдығы, мм	Тұтастырғы түрі, қалыңдығы, мм	ΔL_{nw} , дБ
№ 1	ТЕХНОФЛОР СТАНДАРТ	30	Цемент-құм тұтастырғы, 40	32
№ 2	ТЕХНОФЛОР СТАНДАРТ	40	Цемент-құм тұтастырғы, 40	34
№ 3	ТЕХНОФЛОР СТАНДАРТ	30	Құрама тұтастырғы (ГТТ), 20	28
№ 4	ТЕХНОФЛОР СТАНДАРТ	40	Құрама тұтастырғы (ГТТ), 20	29

Логистикалық параметрлері

Қаптама	Геометриялық өлшемдері, мм			Қораптағы саны		
	Ұзындығы	Ені	Қалыңдығы	Бума, дана	м ²	м ³
Терможиырылатын үлдір	1200	600	50	6	4,32	0,216
	1200	600	30	7	5,04	0,151

Қаптау


Қаптау үшін полиэтилен терможиырылатын үлдір қолданылады. Қаптау материалын орау және бекіту тәсілі тақталардың сенімді әрі берік қапталуын, олардың тиеу-түсіру жұмыстары, тасымалдау және сақтау кезінде сақталуын қамтамасыз етеді.

Тақталарды сақтау

Тақталар маркалары мен өлшемдері бойынша бөлек қапталған және түпқоймаларға қат-қабат үйілген күйде сақталуы тиіс. Сақтау мерзімі бойы материал атмосфералық жауын-шашын әсерінен қорғалуы керек.

*РСҰҒА ҚФГЗИ қорытындысына сәйкес, 2020 ж.

Қолдану саласы



ТН-ПОЛ Проф

1. Паркеттік тақтай/төсеніші бар ламинат
2. Арқауланған цемент-құм тұтастырғы
3. Құрама тұтастырғы (ЦЖТ/ГТТ/ОСВ)
4. ТЕХНОНИКОЛЬ 508 PROFESSIONAL желімі
5. ТЕХНОНИКОЛЬ АЛЬФА Барьер 1.0 үлдірі
6. ТЕХНОФЛОР СТАНДАРТ тас мақтадан жасалған тақталары
7. Терістейтін тұтастырғы (ЦҚК)
8. Аражабынның көтергіш тақтасы

Жұмыстың негізгі қағидалары



ТЕХНОФЛОР СТАНДАРТ тақталары жабық қоймаларда сақталуы керек. Материалды атмосфералық жауын-шашынның әсерінен қорғайтын шатырдың астында сақтауға рұқсат етіледі.

ТЕХНОФЛОР СТАНДАРТ тақталарын кесу үшін пышақ немесе тістері ұсаққол ара қолданылады. Жылуұстағыш тақталарды сындыруға жол берілмейді.

Тас мақтадан жасалған материалмен жұмыс істеу кезінде жеке қорғаныс құралдарын (қолғап, респиратор, көзілдірік) пайдалану қажет. Жұмыстан кейін қолды мұқият жуу керек.



INFO@MASTER-TN.KZ

TECHNONICOL.COM

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ 8 800 100 05 65



MASTER

ТЕХНОФЛОР СТАНДАРТ

ТАС МАҚТА

Қалқымалы еден конструкцияларындағы жылу, дыбыс оқшаулағыш қабат

Үйдің ақылмен жасалған жылы едені!



БІЛІМ. ТӘЖІРИБЕ. ШЕБЕРЛІК.



Материал туралы

Үйде баскетбол ойнап, көршілермен ұрсысып қалмау жолы бар ма? Жауабы — ТЕХНОФЛОР СТАНДАРТ тас мақтасы, ол ерекше дыбыс оқшаулайтын қасиеттерге ие, сонымен қатар үйдегі жылуды керемет сақтайды. Шулаңыз, ойнаңыз және ешкімге кедергі жасамаңыз!

ДЕНГІЙІН ТӨМЕНДЕТЕДІ СОҚҚЫ ШУ 2 ЕСЕ

ЖОҒАРЫ ТӨСЕУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ

ЖОҒАРЫ БЕРІКТІК 2,5т

Монтаждау принципі

Дайындық

Монтаждауға дайындық негізді тегістеуден тұрады. Егер бет тегіс болмаса, тегістейтін тұтастырғылар жасалады. Ойлы-қырлы және қуыс тақталар үшін түйіскен жерлерді цемент-құм ерітіндісімен бітеу жеткілікті. Тегістейтін тұтастырғының қалыңдығы көтергіш негіздегі кедір-бұдыр жерлерді жабу үшін жеткілікті болуы керек.



Жылу, дыбыс оқшаулауын монтаждау


Алдымен еденнің периметрі бойынша дыбыс көпірлерін жою үшін тұтастырғы биіктігінен асатын биіктікке ТЕХНОФЛОР СТАНДАРТ тақталарынан кесілген жолақтар орнатылады.



Тақталар бір қабатқа 600 мм ауыспалы жіктермен тығыз төселеді.

Гидрооқшаулау

Цемент-құм тұтастырғыларды құру кезінде немесе суық жертөлениң үстінде еденді құру кезінде орындалады. Гидрооқшаулағыш қабат «дымқыл» тұтастырғы ерітіндісіндегі ылғал жылытқышқа түспеуі үшін қажет. Әдетте, гидрооқшаулау полиэтилен үлдірден жасалады. Үлдір кенептердің 100–200 мм қабаттасуымен еркін жайылады. Жіктер екіжақты скотчтың көмегімен қымталады. Үлдір қабырғаға – жабынның биіктігіне шығарылады.



Тұтастырғы


Құрама немесе цемент-құм тұтастырғы құрылуы мүмкін. Құрама тұтастырғы тақталарын ауыспалы жіктермен төсеу керек. Тақталар бір-бірімен бұрамашегелердің көмегімен бекітіледі. Бұрамашегелер құрама тұтастырғы биіктігінен аспауы керек және жылу, дыбыс оқшаулағыш қабатқа тимеуі керек.



Цемент-құм тұтастырғының қалыңдығы кемінде 50 мм болуы керек.

Еденнің фиништік жабыны

Еденнің таза жабыны ұйымдастырылады. Мысалы, төсеніш бойынша ламинат немесе паркеттік тақтай төселеді. Артық ТЕХНОФЛОР СТАНДАРТ жолақтарын периметрі бойынша пышақпен кесуге болады.



Плинтусты орнатыңыз.



Жанбайды

Тас мақта талшықтарының балқуы 1000 °C-тан жоғары температурада жүреді



Ылғалға төзімді

Ылғалдың қысқа мерзімді әсеріне жоғары төзімділік



Базальт негізінде

Базальт тобының тау жыныстарының негізінде жасалған



Жылыту шығындарын азайтады

Жоғары жылу оқшаулау қабілеті үй ішіндегі жылуды сақтайды



Кеміргіштер мен зең әсеріне төзімді

Органикалық заттар мөлшерінің аздығына байланысты